Әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі қалалық үшжақты комиссия отырысының
ХАТТАМАСЫ

№4

30 қазан 2026 жыл **Балқаш қаласы**

Төрағалық еткен: Муратулы Саян – қала әкімі, Комиссия төрағасы.
Қатысқандар: Альжан М.И. – Қарағанды облысы бойынша мемлекеттік еңбек инспекциясы Комитеті Департаменті басшысының орынбасары *(Zoom арқылы қосылды),* Комиссия мүшелері, шақырылғандар *(тізім бойынша).*

I. Қаладағы қоғамдық-саяси ахуалды талдау, оның ішінде еңбек дауларының алдын алу туралы

Акжол М.М.

Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылау қорытындысы бойынша әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі қалалық үшжақты комиссия мүшелері шешті:

1. 1. **Баяндамашының ақпараты назарға алынсын** («Балқаш қаласының ішкі саясат бөлімі» ММ басшысы А.М. Монголкан).
2. **«Балқаш қаласының ішкі саясат бөлімі» ММ-не** (А.М.Монголкан):

- проблемалық мәселелерді уақтылы анықтау және еңбек дауларының алдын алу мақсатында қаладағы, оның ішінде кәсіпорындардың еңбек ұжымдарындағы қоғамдық-саяси ахуалға мониторинг жүргізуді жалғастырсын.

3. **«Балқашэнерго» КМК-не** (А.С. Аманкулов):

- жұмыскерлердің әлеуметтік көңіл-күйін тұрақты бақылауда ұстау. Әлеуметтік-еңбек дауларының алдын алу, жұмыскерлердің өтініштерін дер кезінде қарау және туындаған өзекті мәселелерді жедел шешу жөніндегі жұмыс күшейтілсін.

II. «Балқашэнерго» КМК қызметкерлеріне жалақыны уақтылы төлеуді қамтамасыз ету бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы

Аманкулов А.С.

Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылау қорытындысы бойынша әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі қалалық үшжақты комиссия мүшелері шешті:

1. **Баяндамашының ақпараты назарға алынсын**(«Балқашэнерго» КМК директорының міндетін атқарушы А.С. Аманкулов).

2. **Балқаш қаласы әкімінің орынбасары А.Б. Самиевке, «Балқаш қаласының экономика және қаржы бөлімі» ММ-не** (А.А. Аушакиров):

- қалалық бюджеттің келесі нақтылауы кезінде «Балқашэнерго» КМК-нің тұтынылған электр энергиясы үшін «Жезқазған электр желілерін тарату компаниясы «Энергиямен жабдықтау» ЖШС филиалы алдындағы берешегін өтеуге қаражат бөлуді қарастыру. 2026 жылғы 20 қарашаға дейінгі мерзімде ақпарат ұсынылсын.

3. **«Балқашэнерго» КМК-не** (А.С. Аманкулов):

- Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының талаптарына сәйкес еңбек ұжымының өкілдерімен ұжымдық шарт жасасу мәселесін пысықтау, сондай-ақ жұмыскерлерді кәсіподақ ұйымына тарту мәселесі қарастырылсын;
- жұмыскерлерге жалақыны уақтылы және толық көлемде төлеуді қамтамасыз ету бойынша түбегейлі шаралар қабылдансын. Берешектің туындауына жол берілмесін;
- жұмыскерлердің әлеуметтік көңіл-күйін тұрақты бақылауда ұстасын. Әлеуметтік-еңбек дауларының алдын алу, жұмыскерлердің өтініштерін дер кезінде қарау және туындаған өзекті мәселелерді жедел шешу жөніндегі жұмыстар күшейтілсін;
- барлық тармақтар бойынша ақпарат 2026 жылғы 20 қарашаға дейінгі мерзімде ұсынылсын.

III. «Балқаш Су» ЖШС-нің міндетті зейнетақы жарналары бойынша берешегінің жай-күйі және оны өтеу шаралары туралы

Алиев К.М.

Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылау қорытындысы бойынша әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі қалалық үшжақты комиссия мүшелері шешті:

1. **Баяндамашыныңақпараты назарға алынсын** («Балқаш су» ЖШС директоры К.М. Алиев).

2. **«Балқаш су» ЖШС-не** (К.М. Алиев):

- міндетті зейнетақы жарналары бойынша қалыптасқан берешекті кезең-кезеңімен өтеу бойынша қажетті шаралар қабылдансын;
- еңбек ұжымындағы жағдай тұрақты бақылауға алынсын, жұмыскерлердің өтініштеріне дер кезінде әрекет етілсін және әлеуметтік-еңбек шиеленісінің алдын алу бойынша шаралар қабылдансын;
- барлық тармақтар бойынша ақпарат 2026 жылғы 20 қарашаға дейінгі мерзімде ұсынылсын.

3. **Кәсіподақ ұйымдарына ұсынылсын:**

- жұмыскерлердің еңбек құқықтарының сақталуына, оның ішінде жалақының уақтылы әрі толық төленуіне қоғамдық бақылау күшейтілсін;
- қала кәсіпорындарында әлеуметтік-еңбек дауларының алдын алу және олардың туындау алғышарттарын анықтау мәселелері бойынша жұмыс берушілермен өзара іс-қимыл күшейтілсін;

- барлық тармақтар бойынша ақпарат 2026 жылғы 20 қарашаға дейінгі мерзімде ұсынылсын

Тараптар:

Комиссия төрағасы,
Балқаш қаласының әкімі
С. Муратулы

«Балқаш қаласының кәсіпкерлер және өнеркәсіпшілер одағы» ЗТ және ЖК бірлестігінің атқарушы директоры
А.Аларин

Балқаш өңірі бойынша «QAZAQ METAL KASIPODAGY» Қазақстандық салалық тау-кен металлургиялық кәсіптік одағының өкілі
М. Кенбаев

«Кәсіп Қорған» тау-кен металлургия кәсіпорындары мен аралас өндірістер қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» ҚБ төрағасы
Б. Сулейменов

Білім беру қызметкерлерінің кәсіптік одағы Балқаш қалалық ұйымының төрағасы

А. Айтжанова

«SENIM» Денсаулық сақтау жүйесі қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы" республикалық ҚБ Қарағанды облыстық филиалының Балқаш қаласы бойынша өңірлік өкілі
К. Касимова